**№5 педаогогикалық кеңес**

Уақыты: 06.11.2023

Қатысқандыр:
Қатыспағандар:
**Тақырыбы: «Сапалы білім мен тәрбие беру мектептің басты ұстанымы»**
**Күн тәртібінде;**

1. Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы І тоқсандық оқу тәрбие жұмысының қорытындысы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім алушылардың ғылыми зерттеу және оқу танымдық ынталандыру» жұмысы жайында
   ОІО: Женисхан А. Асгат К. ТІО: Женихова Е.В., Заркымова С.К.
2. Баяндама «PISA Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы»
   мұғалім : Маухан А
3. «Балалардың оқу мотивациясы» психолог Хасенова С.Б.
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шараларының ұйымдастырылу жайында
   ТІО: Женихова Е.В., Заркымова С.К.
5. Мектепке дейінгі ұйымның бастапқы кезеңі мониторинг нәтижесі
   Тәрбиеші Ахмет А.
6. Ағымдағы мәселелер / ата аналармен жұмысты жандандыру т.б/

Қаралды:

<u>**Бірінші мәселе бойынша**</u> ОІО Женисхан А сөз сөйледі. Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы мен І тоқсандық оқу үлгерімі, мұғалімдер мен білім алушылардың сапа көрсеткіштерімен таныстырып өтті. І тоқсанда жалпы сапа көрсеткіш 70.37 % құрады ішінде үздік 11 оқушы Аудандық облыстық сайыстарға қатысып жүлделі орындар иеленді. Атап айтсақ Кенгру-математика интелектуалды сайыста жүлделі орындар иеленді.. Пән мұғалімдері Хосан Ж., Шабекен М., Утельбаева Ж. К, Койшебаева З.С. "Менің шағын Отаным " республикалық интелектуалды конкурс аудандық кезеңінде ІІІ орын Серін Жансая 10 сынып (пән мұғалімі Маухан А.) ІІ орын Шарибат Айтолқын (пән мұғалімі Садвакасова А. Б.) . Географиядан ұлттық олимпиадасы аудандық кезеңінде ІІІ орын Шарибат Арман (пән мұғалімі Садвакасова А. Б.) Күзгі бақ сайында жүлделі орындар иеленді. Пән мұғалімі: Уатхан Б. , Шабекен М.

ТІО Заркымова Саулежан Қанжарқызы І тоқсанның тәрбие жөнінде мәлімдеме жасады. Оқушылардың түрлі ісшараға белсенді қатысатындығын айтып өтті. Әр ісшараға тоқтала кетті. .Саулежан Қанжарқызы өс сөзінде "Тасшалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің" тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары жаңа оқу жылының басында ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасының негізінде жүзеге асты. Тәрбиенің кешенді бағыттары мектепішілік, мектептен тыс шаралардың, үйірмелердің , балалар ұйымының жұмысы, ҚР-ның рәміздерін оқып, тану, қолдану, насихаттау жұмыстары, ата-аналармен жұмыс, сынып жетекшілер отырыстары, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жұмысын ұйымдастыру және құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу,Діни экстремизмнің алдын-алу ,«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысы және қыз балалармен жұмыстар жүйесімен ерекшеленеді. Жылдағы дәстүр бойынша жалпы республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы да өз деңгейінде өтті. Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен 43 баланың әрқайсысына 40.567 теңгеден қаржылай көмек көрсетілді. 1 қыркүйектен бастап жалпыға міндетті оқу қоры есебінен әлеуметтік жәрдемақы алатын отбасынан екі оқушы, әлеуметтік жәрдемақы алмайтын, отбасының күнкөріс деңгейі төмен отбасынан 28 білім алушы, басқа көмекті қажет ететін санаттағы отбасынан 17 білім

санаттағы отбасынан 17 білім алушы, барлығы 47 білім алушы ыстық тамақпен қамтылған және де жалға алушының есебінен 1-4 бастауыш сынып оқушылары мектеп асханасында тегін тамақтанады.
05.09-15.09.2022 аралығында Қазақстан халқы тілдері күніне арналған мектепішілік іс-шаралар жоспарға сәйкес өтті. Әдістемелік бірлестік жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сагитова Айбота Сейсенқызының онкүндік жоспары құрылып, іс-шаралар уақытылы өтіліп, қорытындыланып, талқыланды. Өткізілген барлық іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланып отырды. Сонымен қатар, «Мың бала мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында 5 қыркүйекте қазақтың біртуар тұлғасы М.Жұмабаевтің 130 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық ашық диктантына педагогтер мен білім алушылар қатысты. Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында сейсенбі жұма күндері үлкен үзіліс уақытында барлық білім алушылар 20 минут кітап оқып, сынып ішінде бір-бірімен мазмұнымен бөлісіп, талқылап инстагарам, фейзбук парақшаларына жариалап отырады. Сонымен қатар, аталған жобаға қатысты басқа да білім алушылардың қызығушылығын арттыратын іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Мектеп кітапханасында да жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылады. "Төрт тоқсан - төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында айтыс күніне орай жоспарға сәйкес кітаптар көрмесі, тағыда басқа іс-шаралар өткізілді.
«Еңбек күні» мерекесіне арналған іс шаралар жоспарға сәйкес уақытында өткізіліп әлеуметтік желілерге жарияланып отырды. "Менің жетістігім- менің нәтижем" атты сынып сағаттары, "Еңбек бәрін жеңбек" тақырыбында еңбек күнін мерекелеуге арналған 5-9 сыныптар арасында шығарма жазу байқауы,бастауыш сынып білім алушылары арасында суреттер байқауы ұйымдастырылды.Еңбек ардагерлерімен кездесу өтті. Бастауыш сыныптарда "Алтын күз" ертеңгілігі, ал 5-11 сыныптарда «Күзгі бал» өтті. Қарттар айлығына орай біршама іс-шаралар жоспарға сәйкес өтті. «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында қарттарымызға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары қарттарымызға құрмет көрсетіп, құттықтап өз өнерлерін көрсетті. Қазақ халқының ұлттық менталитетінің жарқын белгісі қашанда үлкенге – құрмет, кішіге ізет көрсету. Мереке жарқын, көңілді өтіп, ақ жаулықты әжелеріміз жас ұрпаққа батасын берді. 16 –қазан Халықаралық нан күніне орай мектепте тәлімгер Ермағанбетова Аягөз Абаевнаның жетекшілігімен іс-шара өткіз 25 қазан – Республика күніне орай мектепте жоспарға сәйкес 17 қазаннан 27 қазанға дейін іс-шаралар жүргізіліп отырды. «Бір шаңырақ астында» атты бастауыш сынып білім алушылар арасында суретер байқауы өтті. ілді.

**Екінші мәселе бойынша** тарих тәнінің мұғалімі Маухан Ардагул «PISA Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы» тақырыбында баяндамасын ұсынды. Баяндамада Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. PISA — (Programme for International Student Assessment) оқушылардың білімі мен біліктілігін бағалаудың халықаралық бағдарламасы.

PISA негізінде — бұл өмірде кездесетін ситуацияларды шешуге қатысты пәндік білімін, біліктілігін, дағдысын жинақтап көрсетуге бейімділігі. Бұл 15 жастағы оқушының құзырлылығының даму деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құрал. PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білу қабілеттерімен түсіндіріледі.

Жаратылыстану ғылыми сауаттылығы – тұлғаның негізгі жаратылыстану ғылыми таным әдістерін қолдана алу қабілеті, сұрақ құрылымына байланысты білімдерін қолдану және

жетілдіру, жаратылыстану ғылыми құбылыстарды түсіндіру және ғылыми дәлелдерге негізделген қорытынды жасай алуы.

**Үшінші мәселе бойынша** мектебіміздің психологі Хасенова С.Б. «Балалардың оқу мотивациясы» атты баяндамасында оқушылар оқуға деген құштарлығын ояту жөнінде бірнеше ұсыныстар жасалды және тренинг өткізді. Қазіргі кездегі балалардың компьютерлік ойын, ұялы телефонға тәуелдіктен арылту жөнінде мотивациялық кеңестер берілді.

**Төртінші мәселе бойынша** ТІО Заркымова «Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шараларының ұйымдастырылу жайында» кезекті мәселесіне талқыланға салды. Кәмелетке толмаған балалармен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың есебімен таныстырды

«Тасшалқар ауылының жалпы орта білім беру мектебі» КММ құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша бірқатаржоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың құқықтық сауаттылығын жақсарту. Оқу сабақтары мен баска да іс-шаралар кезінде тәртіпті нығайту мақсатында мектепте сынып жетекшілер арасында күнделікті кезекшілік ұйымдастырылған. Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру, олардың күн тәртібін бақылау үшін мектептің ата-аналар комитеті де жұмылдырылды.

Мектептің сынып жетекшілері оқушылармен жеке алдын алу жұмыстың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолданады. Жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу;

- жасөспірімдерді, олардың сабақтан бос уақытында, сондай-ақ каникул уақытында сабаққа дайындығын бақылау мақсатында үйде болу;
- оқушылардың сабаққа дайындық деңгейін анықтау мақсатында сабаққа қатысу;
- жасөспірімдермен және ата-аналармен жеке және ұжымдық профилактикалық әңгімелер; - бос уақытта жұмыспен қамтуды ұйымдастыру мақсатында оқушыларды қосымша білім беру бірлестіктері жүйесіне тарту. Алдын алудың маңызды факторларының бірі оқушылардың бос уақытында жұмыспен қамтылуы болып табылады, сондықтан мектепте қосымша білім беру жүйесін дамытуға, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауға және жасөспірімдерді үйірмелер мен секцияларға тартуға, балаларды үйірмелер мен секцияларға қамтуға көп көңіл бөлінеді.

«Оқушылардың ережелері мен міндеттері», « Қарым-қатынас мәдениеті туралы», «Кәмелетке толмаған жас өспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі», «Құқық бұзушылық және жасөспірім» тақырыптарында сынып сағаттары, әңгіме сағаттары өтті. Оқушыларға профилактикалық бейне материалдар көрсетілді. Мақсаты: білім алушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып заң алдындағы жауапкершілікті арттыру. Қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен тагыстыру.Заңды, құқықтық нормативті актілерді орындап, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке , ұлтжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Алдын алу жұмыстары мектепте жиі өткізіледі; жыл бойы тұрақты түрде - отбасына рейдтер жүргізіледі; оқушылармен және ата-аналармен жеке жұмыс жүргізіледі. Біз білім алушыларымыздың физикалық денсаулығына ғана емес, сонымен бірге психикалық денсаулығын да назардан тыс қалдырмаймыз.

**Бесінші мәселе бойынша** «Балауса» шағын орталығының тәрбиешісі Ахмет А Мектепке дейінгі ұйымның бастапқы кезеңі мониторинг нәтижесін таныстырып өтті. Барлығы 25 бала сараптамадан өткізілді, ортаңғы топтан 17 бала , ересек топтан – 8 бала.

Сараптама келесі білім беру салалары бойынша жүзеге асты:

1. Физикалық қасиеттері
2. Коммуникативтік дағдылары
3. Танымдық және зияткерлік дағдылары
4. Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы
5. Әуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
6. Міндеттері:

ізикалық қасиеттерді дамыту.
есек топтан жоғары деңгеймен-2бала,орташа деңгеймен -15 бала.
ортаңғы топтан жоғары деңгеймен-4 бала, орташа деңгеймен-4 бала.
арлығы – 25 бала.
оммуникация дағдылары:
ресек топтан жоғары деңгеймен-5 бала,орташа деңгеймен -12 бала.
Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен-2 бала, орташа деңгеймен-6 бала.
Барлығы – 25 бала.
Танымдық және зияткерлік дағдылары:
Ересек топтан жоғары деңгеймен- 10 бала,орташа деңгеймен -7 бала.
Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен- 5 бала, орташа деңгеймен- 3 бала.
Барлығы – 25 бала.
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс әрекетінің дамуы:
Ересек топтан жоғары деңгеймен - 5 бала,орташа деңгеймен -11 бала,төмен деңгеймен – 1 бала.
Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен- 2 бала, орташа деңгеймен-5 бала, төмен деңгеймен – 1 бала.
Барлығы – 25 бала.
Әуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:
Ересек топтан жоғары деңгеймен - 2 бала,орташа деңгеймен -15 бала.
Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен- 3 бала, орташа деңгеймен- 5 бала.
Барлығы – 25 бала.
Қорытынды:
Оқыту үдерісінде кеңінен жаңашыл технологияларды қолдану керек;
Жаңа оқу материалын бекіту мақсатында үстел үсті, таратпалы ойындарды қолдану;
Кәсіби шеберлілік;
Жүйелі және жоспарлы жұмыс нәтижесінде жылдың аяғында мемлекеттік стандарттарды игеру деңгейі нормаға сәйкес келеді.
Балалар әлі де мәдени іс-әрекет көріністерін жүзеге толық асыра алмайды. Жасы кішірек балалармен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.Балалардың тілдерін дамыту.

Алтыншы мәселе бойынша мектеп директоры Кожахметова Қайрат Балтабайұлы сөз сөйледі. Күнделік.kz мұғалімдер тиянақты мұқият толтырып отыруы, оқушылар мен ата аналардың Күнделік.kz тұрақты кіріп отыруын қадағалау керектігін ескертті. ата аналармен жұмысты жандандыру мәселесіне тоқталды.

Қаулы етті:

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім алушылардың ғылыми зерттеу және оқу танымдық ынталандырылсын.
2. Әр мұғалім ғылыми жұмыс, авторлық жұмытарымен айналысуды негізге алсын.
3. Оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі қадағалансын.
4. Мұғалімдердің Күнделік.kz орындалуын мұқият қадағалансын.
5. Мектепке дейінгі ұйымның жұмысын одан әрі жандандырылсын

Төраға: Кожахметова К. Б.
Хатшы: Маухан А